«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығының докторанты Худайбергенов Нурбол Джумагалиевичтің «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар» атты философия ғылымдарының PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ресми рецензент

ПІКІРІ

I. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Соңғы ширек ғасырда қазақ қоғамында айтулы өзгерістер орын алды. Сондай-ақ ақпараттық білім қоғамы орныққан қазіргі әлемде күрделі көркемдік, мәдени үрдістер жүріп жатыр. Ал мұның бәрінің әдебиет пен өнерде өз ізін қалдырып отыратыны заңдылық. Плюралистік сипатта дамып отырған әдеби үдеріс өз кезегінде қазақ әдебиетіне де әсер етпей қойған жоқ. Қазіргі қазақ прозасының табиғатын танып, өзіндік ерекшеліктерін айқындау үшін ендігі ретте тек әдеби талдаулар жасау аз, сонымен бірге өзге ғылым салаларының жетістіктеріне қол соза отырып зерттеулер жүргізу қажет. Прозадағы құндылықтар жүйесіне үңіліп, дүниетанымдық, философиялық қырына тоқталу, кейіпкерлердің психологиялық болмысын анықтап, әлеуметтік қатынастардың мәнін ашу сынды іргелі міндеттер бүгінгі әдебиеттану ғылымының алдындағы келелі мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда, көркем мәтіндегі құндылықтарды анықтап, шығарманы аксиологиялық тұрғыдан талдаудың маңызы жоғары. Сонда туындының философиялық, психологиялық, когнитивтік және көркемдік мәні ашыла түседі.

Докторант қазіргі қазақ прозасының үздік үлгілерін ғылыми тұрғыдан талдай отырып, бүгінгі сөз өнерінде үстем болып отырған жалпыадамдық құндылықтарды анықтауға, қазақ ұлтының өзіне тән бірегейлігін танытатын құндылықтардың табиғатын айқындауға тырысқан. Прозаның бастауларына үңіле отырып, мәдени концепциялардың мәнін ашуға ұмтылған.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалары» бойынша басым бағытқа жататын «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» бөлімінің «Әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері және пәнаралық зерттеулер» атты 5.1.1. тармағының мазмұнымен сәйкес келеді.

II. Автордың өзі жазу принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі мен авторлық қолтаңбасы айқын көрінеді. Докторант Худайбергенов Нурбол Джумагалиевичтің ой-пікірлері, тұжырымдары мен қорытындылары жүйелі әрі нақты. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жазу тәжірибесі бар. Диссертациялық жұмысында тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың көркемдік

Scanned by TapScanner

бейнеленуі ғылыми тұрғыдан зерделеніп, практикалық және теориялық тұрғыдан құнды нәтижелерге қол жеткізілген. Алынған нәтижелер өзара байланыста қарастырылған. Диссертанттың тақырыпқа мейлінше кең әрі пәнаралық негізде қарағаны байқалып тұрады. Зерттеудегі өзге сала әдебиеттерінен алынған сілтемелер, ізденушінің көркем мәтінді әлеуметтану, психология, мәдениеттану, философия салаларымен ұштастыра отырып қарастыруы сөзіміздің дәлелі бола алады. Ізденушінің теориялық дайындығы, пайдаланылған ғылыми әдебиеттердің молдығы және шетелдік қайнар көздерден еркін пайдаланғаны оның тақырыпты терең әрі тыңғылықты ашып бергенін көрсетеді. Ізденушінің ғылыми тұжырымдары ғылыми жаңашылдығымен, ой жүйелілігімен және тұжырымдарының дәйектілігімен ерекшеленеді.

III. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі

Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының **жаңалық нәтижесі ретінде мына жағдайларды** атап көрсеткім келеді:

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа деп айтуға болады. Ізденуші қазіргі қазақ прозасында байқалып отырған екі түрлі тенденцияға, атап айтқанда, ұлттық құндылықтардың жаңғыруы және әлемдік көркемдік-мәдени үрдістердің дендеп енуі сынды ерекшеліктерге ғылыми тұрғыдан баға беріп, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін, құндылықтық бағдарын анықтаған.

Екінші нәтиже жаңа болып саналады; диссертант ұлттық және жалпыадамдық құндылықтардың өзара байланысы мен өзіндік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан сарапқа салады. Аксиолог-ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, салмақты тұжырымдар жасай білген.

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа; Нурбол Худайбергенов Д.Рамазан, М.Омарова, А.Мырзахмет, А.Мантаева, Ә.Байбол сияқты жас жазушылардың шығармашылығын ғылыми талдау нысанына алып, соның негізінде қазіргі прозадағы жалпыадамдық құндылықтардың көркемдік трансформациясын көрсеткен.

Ізденуші әрбір жазушы шығармасындағы құндылықтардың көріну ерекшеліктерін де назар аударған. Мысалы, Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романында мейірім құндылығы, Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» повесінде ар, әділет, құндылықтары, Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романында қанағат, табиғат, ар құндылықтары, М.Мағауиннің шығармасында әділет, жазу құндылықтары, Н.Ораздың шығармасында өнер, қанағат, сұлулық құндылықтары, Т.Шапай әңгімесінде адалдық, тәуелсіздік, ұлттық бірегейлік құндылықтарының көрініс тапқанын анықтайды.

IV. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.

Бірінші ғылыми нәтиже. Ізденуші соңғы ширек ғасырдағы прозада көрініс тапқан жалпыадамдық құндылықтарды шартты түрде тәуелсіздік

Scanned by TapScanner

құндылықтары деп атаған. Қазіргі прозада жиі көрінетін ел, тәуелсіздік құндылығының ғасырлар бойы желісі үзілмей келе жатқанын, сонымен бірге қанағат, ар құндылықтарының әсіресе өтпелі кезеңде көп жазылғанын дәйекті тұжырымдар арқылы көрсетеді. Нәтижені шынайы деп бағалаймыз.

Екінші ғылыми нәтиже. Ізденуші қазіргі қазақ прозасының үздік үлгілерін талдау нысанына ала отырып, бүгінгі әдебиетте екі түрлі үрдістің бар екенін көрсеткен. Біріншіден, қазіргі қазақ прозасында ұлттың өзіндік даралығын, тарихи-мәдени және концептуалдық бірегейлігін іздеу процесінің жүріп жатқанын, екіншіден, әлемдік әдеби үрдістерге етене кірігіп, тәжірибе жинау мен толысу жолында екендігін дәйекті дәлелдермен көрсетеді. Шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

Үшінші ғылыми нәтиже. Докторант қазіргі қазақ прозасы тек бүгінгі дәуірдің бітімін танытумен шектелмей, өткен тарихи кезеңдерге қайта баға беру үстінде екенін ғылыми тұрғыдан сипаттаған. Ұлттың даралығын танытушы жалпыадамдық құндылықтарды танытуда әсіресе тарихи роман жанрының доминанттық рөлге ие болып отырғанын дәлелдеген. Шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

V. Академиялық адалдық принципі.

Н.Д.Худайбергенов диссертациялық жұмысында академиялық адалдық принципін толықтай ұстанған. Ізденуші авторлық құқық нормаларын сақтаған және зерттеу жұмысында 140-тай дереккөзді пайдаланған. Әдебиеттерге, авторларға және олардың түйінді сөздеріне сілтеме беріп отырады. Ғылыми жұмыста академиялық адалдық принципіне қайшы келетін қандай да тұжырым, мәтін немесе идея бұрмалаушылықтар кездеспейді.

VI. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы

Докторанттың жұмысы тұтастай ішкі логикалық бірлікке ие. Жекелеген тұжырымдары қазіргі әдебиеттанудағы соны жаңалығымен құнды. Диссертацияда тәуелсіздік тұсында жазылған прозалық туындылар талданып, олардың өзіндік ерекшеліктері айқындалған.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқылатын қазіргі қазақ әдебиеті пәні мен оған қатысты арнаулы курстарда дереккөз ретінде пайдалануға болады.

VII. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы

Диссертация апробациядан өткен, тұжырымдары 9 ғылыми мақалада жарық көрген, ғылыми баяндамаларда көпшіліктің талқысына ұсынылған. Соның ішінде, 3 мақала нөлдік емес импакт-фактор ғылыми басылымында, 3 халықаралық конференция жинақтарында, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда жарияланды.

VIII. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

Scanned by TapScanner

Диссертациядағы ғылыми және практикалық салаларына қосатын үлесінің маңызды екендігіне тағы да бір мәрте назар аударта отырып, мына мәселелерге көңіл аударса дейміз.

- Диссертацияда стильдік қателіктер бар. Кейбір сөйлемдердің синтаксистік құрылымы дұрыс емес.
- Диссертациялық жұмыста пунктуациялық, техникалық қателіктер кездеседі. Дегенмен аталмыш кемшіліктер жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді.

IX. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкестігі

Диссертация жоғары теориялық деңгейде жазылған және қолданбалы сипатқа ие. Жұмыстың ішкі бірлігі бар және ғылыми нәтижелері жинақталған. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережелері» талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Худайбергенов Нурбол Джумагалиевичтің «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар» атты диссертациясы «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Пікір беруші:
Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының
докторы **С.Асылбекұлы**

РАСТАЙМЫН:
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ
НАЧАЛЬНИК
УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСО
КОПІЛЫ
ПОДПИСЬ

Scanned by TapScanner